

## Қарауылкелді орта мектебінде өткізілген Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы № 3

06.03.2024 жыл

Қатысқаны 9

Қатыспағаны: 0

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Ата аналарды педагогикалық қолдау бойынша оқытуды ұйымдастыру жұмыстарының жүргізілуі
- 2.Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, түсіндірме сабақтарын өткізу
- 3.Мектептегі тамақтану сапасы бойынша рейд жүргізу
- 4.Білім алушылардың көктемгі іс-шараларын және демалыс уақытын өткізу, наурыз мерекесін өткізуге жәрдемдесу

### Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Елеуова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДТІЖО Ш.И.Бердіғали хабарлама жасадвы.

Биылғы оқу жылынан бастап балаларды оқыту, тәрбиелеу бойынша ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып, өз жұмысын бастады. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие, экологиялық тәрбие беру жұмыстары қолға алынуда. Жас ұрпақты еңбек етуге тәрбиелеу, патриоттық рухты бойына сіңіру, адалдықты ту ету ұстаздардың оқу – тәрбие процесіндегі басты бағдаршамы. Білім ошағымыздағы тәлім тәрбие процесіне ата – аналарымыз аз қатысатыны жылдық жұмыс мониторингісі кезінде байқалды. Ата – аналардың жұмыс пен отбасылық өмірі арасындағы тепе – теңдіктің сақталмауы тәрбие процесіндегі құндылықтардың әлсіздігін көрсетті. Сонымен қатар «тамшы тас теседі» дегендей көрсете отырып тәрбиелеу ортақ іс. Ауыл көшелерінің тазалығы, ұрлық, құқықбұзушылық, қылмыс түрлері, бұзақылық оқиғаларын болдырмау баршамыздың міндетіміз. Осы мақсатта мектеп бойынша қазан айында Ата – аналарды педагогикалық қолдау кабиенеті ашылды. Шараға аудандық білім бөлімінің мамандары, ардагер ұстаздар, қазыналы қариялар шақырылды. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары 3 буын бойынша құрылып, таныстырылды. Сонымен бірге «Даналық» клубы 4 бағытта өз жұмысын бастады. Жүргізілген жұмыстардың барығы мектептің белсенді ата-аналарының және арнайы мамандардың, сынып жетешілердің белсенді қызметі аясында жүзеге асты.11 қараша күні 1-4 сынып оқушыларының ата – аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасына сәйкес «Отбасы – бақыт бесігі» тақырыбында таным сабағы өткізілді. Сабақта отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, ата – ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым – қатынас өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым – қатынас басты мақсат етіп алынды. Сабақта ақпараттық видео көрсетіліп ой - пікір алмасу жұмыстары жүргізілді. Ата – аналардан кері байланыс алынды. Сонымен бірге осы күні 5-9 сыныптардың ата – аналары үшін «Позитивті ата – ана болу: тыңдау, есту,өзін естірте білу» тақырыбында дәріс сабағы өткізілді. Ата – аналар топқа бөлініп, жағдаяттық сұрақтарға жауап беріп, өзара пікір алмасты. Позитивті ата – ананың ерекшеліктері мен принциптерін, дағдыларын дамыту арқылы ата – аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту мақсат етіп алынды. Сабақ соңында ата –аналар кері байланыс беріп, өздеріне қажетті білім қорларын жағымды әсермен толтырғанын жеткізді.

11 қараша күні 10-11 сынып ата – аналары үшін «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу ....» тақырыбында ата – аналарды педагогикалық қолдаудың бірінші сабағы өткізілді. Жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау қажеттілігі ата – аналарға түсіндірілді. Ата – аналарды педагогикалық қолдау бойынша өткізілген сабақтарға ата

– аналар белсенді түрде қатысты. Жалпы қараша айында 80 ата – анаға қолдау көрсетілді. Өткізілген іс – шаралар әлеуметтік желіге жүктелді.

Өміріміздің ең мәнді өзегі – тұлғалық тұрғыда толық қалыптасқан парасатты перзент тәрбиелеу. Осы мақсатта Біртұтас тәрбие бағдарламасы және ата — аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес **"Ата - ана және бала арасындағы қарым — қатынас"** тақырыбында дәріс сабағы өтті. <https://www.instagram.com/reel/C2ZQAQbAQk3/?igsh=OWdhc2JINXk3NzU4>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Жеңгелер” мектебінің жұмыс жоспарына сай қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке баулуға жеңгелердің алатын орны мен маңызын түсіндіру, жеңге мен қайын сіңлі арасындағы өзара сыйластықты нығайту мақсатында Байғанин аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен **“Сұлу қыз, сырлы жеңге” атты аудандық байқау** өтті. Байқауда мектебіміздің намысын қорғап Кенжебек Нұрсая және жеңгесі Жұбашева Эльвира II орын иемденді.

30-сәуір күні Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сай сынып ата-аналарымен **“Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері”** тақырыбында педагогикалық қолдау сабағы өткізілді. Мақсаты: балалардың айналасындағылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына қолдау көрсету, ата-аналардың оң қарым-қатынасты қолдап, жағымсыз қарым-қатынасты жеңу дағдыларын игеруіне ықпал ету. Ата-аналар жағдаяттық сұрақтар бойынша өзара пікір алмасып, өз ойларымен бөлісті

11 қараша күні **«Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу»** тақырыбында дәріс сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту. <https://www.instagram.com/reel/Czg1LgFIUwL/?igsh=MTc4MmM1Ym12Ng==>

Ақпан айында 7 сынып ата-аналарына **«Жасөспірімнің желідегі әрекеті»** тақырыбында дәріс сағаты болып өтті. Жалпы әлеуметтік желілердегі іс-әрекеті, кибербуллинг және олардың құрбандары туралы ой қозғалып, өздерінің пікірлерін қағаз бетіне түсірді. Арнайы бейнероликтер көрсетіліп, талқыланды. Әлеуметтік желінің балаларға пайдасымен бірге зияны басым екендігі айтылды. **“Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер”** тақырыбында дәріс сағаты болып өтті. Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспірімдермен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/C0owX36o3T1/?igsh=ODNobm11anJhaWd4>

*Ата – аналарды педагогикалық қолдау сабақтарының кемшілігі: ата – аналардың сабаққа қатысымының төмендігі.*

*Ұсыныс: жаңа оқу жылында жұмысты жүргізу үшін ата аналардан арнайы топ құру және сабақтарды сол ата аналардың өткізулеріне жағдай жасау.*

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Елеуова баяндады. Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, түсіндірме сабақтарын өткізу

Қарауылкелді орта мектебі бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар дұрыс жолға қойылған. Дегенмен де кеңес мүшелері оқушылар арасындағы жағымсыз әдеттерді насихаттау үшін өзіміз түсіндірме сабақтарын өткізуіміз керек. Аудандық аурухана қызметкерлерімен бірлесе отырып ай сайын оқушылар арасында электронды темекі шегудің зияны, ғаламтор қауіпсіздігі, ішімдік ішудің зияны мен салдары туралы хабарламалар оқып отырсақ деген ұсыныс айтамын. Ай сайын әрбір кеңес мүшелері осы жұмысты қолға алса жақсы болар еді. Ер балалар үшін ер азаматтардың тәрбиесі керек сондықтан өздеріңіздің өмірлік тәжірибелеріңізбен бөлісе отырып, оқушылар арасында жаман әдеттерден аулақ болуға үндейтін

өзекті мәселелерді ашық айтуды дұрыс деп есептеймін. Мысалы: **1-желтоқсан** Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне «ЖИТС – ХХІ ғасыр дерті» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары өткізілді.

3. Мектептегі тамақтану сапасы бойынша рейд жүргізу бойынша бракераждық топ мүшесі А.Тұрмұханова хабарлады. Бала денсаулығының негізінің мықты болуы оның тамақтануына байланысты, балалық шақта қаланған денсаулықтың іргесі адамның бүкіл кейінгі өмірінің сапасына әсер етеді. Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты – бала организмінің ауруларға жоғары тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін міндетті шарттар. Заманауи жағдайда оқу және басқа жүктемелердің түрлері (үйірмелердегі қосымша сабақтар, т.б.) артуына байланысты мектеп жасындағы тамақтанудың ролі артуда. Баланың күнделікті тамақтануы өсу үстіндегі организмнің қажетті қоректік заттектерге және қуатқа қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруы және күні бойы жұмсайтын күштерін толығымен қалпына келтіруі тиіс. Осыған байланысты мектеп оқушысына арналған негізгі салауатты тамақтану ұстанымдары туралы білу аса маңызды. Мектептегі тамақтану сапасы жақсы деп айтуға болады. Ас мәзірі бар, сол күні тамақ ас мәзіріне сай берілді. Азық түлкітерді сақтау бөлмелері мен тоңазытқыштар талапқа сай келеді. Ас пісіру плитасы үлкейтуді қажет етеді. Оқушылар тамақтану үшін топтарға бөлінген. Тамақтану сапасы талапқа сай.

4. Білім алушылардың көктемгі іс-шараларын және демалыс уақытын өткізу, наурыз мерекесін өткізуге жәрдемдесу

Көктем мезгілі іс-шараларға толы уақыт. Осы кезде оқушылардың қауіпсіздігіне назар аударуымыз керек. Оқушылардың демалыс кезеңдерін жоспарлап, наурыз мерекесін тойлауға кеңес мүшелері толық қатысуымыз қажет. Аудандық шаралар кезінде оқушылар мен ұстаздарға демеушілік есебінен марапаттар бергеніміз дұрыс. Ата – аналар мен оқушыларды көктемгі су тасқынынан сақтандырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет. Ол үшін еріктілер тобын көмекке тарта отырып, жадынамалар таратқанымыз жөн болады. Наурыз мерекесін тойлау кезінде ұлттық киімдерден, музыкалық аспаптар мен көне бұйымдардан көрме ұйымдастырудан жәрдем бере аламыз

#### **Жарыссөзге шығушылар:**

Қ.Аманғалиева - Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата – ана , ардагер ұстаз

Кеңес отырысында қаралған төрт мәселеге де толық қосыламын. Ата аналармен тығыз байланыс орнатпайынша бала тәрбиесін құндылықтар негізінде жүргізу ақсап тұрады. Ата аналарға қазіргі кезде қолдау көрсету мәселесі өте орынды . Балаларды ұлттың тәрбиесімен тәрбиелеуіміз керек. Ол үшін үлкендерді ортаға тартып, түрлі форматта кездесулер мен сұхбаттар жүргізуіміз керек. салауатты өмір салтын ұстану менің өмірлік серігім. Мен өз тәжірибеммен қуана бөлісіп, оқушыларға белсенді түрде жұмыстар ұйымдастыруға келісемін. Барлық кеңес мүшелері де келісім береді деп есептеймін. Айтылған кемшіліктен қорытынды шығарып, жұмысқа қолдау білдереміз, ұсынысты қабылдаймыз дегім келеді

Б.Абишева – кеңес мүшесі, ата- ана

Жоғарыдағы аталған мәселелерді қарастыра келе шешім шығардық. Ата аналармен тығыз байланыста болып, балаларымыздың салауатты өмір салтын ұстануға, елінің патриоты болуға бірден бір себепкер өзіміз екені белгілі. Сондықтан сіздердің айтқан ұсыныстарыңызбен толықтай келісеміз. Сондай-ақ, наурыз мерекесінде мектептегі жеңілдетілген санаттағы 87 оқушыға көмек көрсетуге дайынбыз. Мереке күні балалардың көңілін көтеріп, ұлттық мейрамымызды дәріптеп ұйымдастырған шараларға көмек қолын созып, қолдау білдіреміз деп айтқым келеді.

Мен демеушілік жасап оқушыларға марапат беруге келісемін, өзім де демеушілік жасай аламын. Наурыз мерекесі кезіндегі шараларға қатысуға шақырамын.

**Жоғарыдағы мәселелерді тыңдап, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:**

1. Ата аналарды педагогикалық қолдау бойынша оқытуды ұйымдастыру жұмыстарының жүргізілуі бойынша кемшіліктер жойылып, ұсыныс қабылдансын.

2. Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша түсіндірме сабақтарын өткізу ұйымдастырылсын


3. Мектептегі тамақтану сапасы назарда ұсталсын


4. Білім алушылардың көктемгі іс-шараларын және демалыс уақытын өткізу, наурыз мерекесін өткізуге жәрдемдесу үшін мектеп ұжымымен бірлескен жұмыстар жоспары жасалсын.


Қамқоршылық кеңес төрайымы:


Хатшысы:

Кеңес мүшелері:


 Г.Елеуова


 Н.Жүрсін


 Р. Ергалиев


 Б.Абишева


 Н.Оңғаров

 С.Әмидан

 Қ.Аманғалиева

 Ж.Қоспанова

 М.Жамаладин

 А.Тұрмұханова